

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті**

Жаратылыстану – география факультетінде  
«Жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін  
қалыптастырудың басым бағыттары»  
тақырыбында өткен әдістемелік апталықтың  
**Е С Е Б І**

**Орал, 2023**

## **10 сәуір – 14 сәуір 2023 жыл «Жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың басым бағыттары» тақырыбындағы әдістемелік апталығының өтуі туралы есебі**

Қазіргі кезде елімізде жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бәсекеге қабілетті маман дайындауда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жетістіктерге жетуге болады. Білім алушылардың әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі қоғам талаптарына сай маңызды мәселенің бірі ретінде танылуда. Студенттің әдістемелік құзыреттілігі оның кәсіби маңызы бар қасиеттерінің біріктірілген көрінісі ретінде берілген. Жоғары оқу орнында оны қалыптастыру және бағалау тиімділігін арттыру жолдары, шарттары көрсетіліп, білім алушылардың әдістемелік даярлығының негізгі компоненттерінің бірі кәсіби құзыреттілік қалыптастырудың басым бағыттары қарастырылады. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

**Мақсаты:** Жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың басым бағыттары арқылы оқытушылардың кәсіби шеберлігін, шығармашылық әлеуетін дамыту және жоғарылату, тәжірибе алмасу және студенттердің білімдерін арттыру.

**Міндеттері:**

- ❖ Оқу процесіндегі әдіс-тәсілдерді үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың басым бағыттарын меңгеру;
- ❖ Білім беруді нәтижеге бағыттау;
- ❖ Оқу үрдісінде студенттердің өзіндік позициясын қалыптастырудың жолдарын қарастыру.

«Жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың басым бағыттары» апталығының ашылуы 14.04.2023 жүзеге асырылды. Алдымен модератор жаратылыстану - география факультетінің деканы А.А.Тургумбаев апталықтың өту бағдарламасымен таныстырды. Әдістемелік апталыққа химия, биология және экология, география кафедраларының ПОҚ және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімі ММ-нің әдіскері, педагог-мастері – Кажғалиева Салтанат Жасқайновна және «Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары» бөлімінің жетекшісі, б.ғ.к. Утеулиева Дамели Танатаровна қатысып, сөз сөйледі. Апталықтың ашылуына «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы, магистр Кажымуратова Ж.С «Биология мамандығы студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бағыттары» атты баяндама оқыды, сонымен қатар «Химия кафедрасының доценті, х.ғ.к., Сдикова Г.Ж «Химиялық пәндерді оқытудағы жана әдістер» атты баяндама оқып, талқыланды. Факультет деканы Тургумбаев А.А. апталыққа белсенді қатысып, апталықтың жоғары деңгейде өтуіне сәттілік тіледі.



10.04.2023ж. сағат 8:00-де «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушы Ж.Н.Уалиахметованың жетекшілігімен "Ауыздағы ас қорыту және оның ерекшеліктері" тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Мақсаты: ас қорыту жүйесі құрылысының ерекшелігін көрсету, дұрыс тамақтану тәртібін түсіндіру, СӨС насихаттау. Сабақ барысында "Ас қорыту пирамидасы"тақырыбында видеоролик көрсетіліп, топқа бөлініп, Постер қорғап, семантикалық карта толықтырылып топтық бағалау жұмыстары жүзеге асырылды. Сонымен бірге дұрыс тамақтану жөнінде арнайы дәрігер маманнан кеңес алынды. Сабақтың соңында студенттер Kahoot-платформасы арқылы тест жұмысын орындап, оқытушының қорытынды сөзімен аяқталды. Сабақ жоғары деңгейде ұйымдастырылды!!!



10.04.2023ж. сағат 10:00-де Әдістемелік апталық аясында 10.04.2023 жылы 6В05201 Экология білім беру бағдаламасының Эко-32 топ студенттеріне «Экологиялық мониторинг» пәнінен ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, «Биология және экология» кафедрасының доценті Чекалин Сергей Григорьевичтің «Батыс Қазақстанның негізгі климаттық көрсеткіштерінің динамикасын жер үсті экожүйелерінің өнімділігін қалыптастыру процесінде бағалау» атты ашық сабағы өтті. Дәріс сабақта Батыс Қазақстанның негізгі климаттық көрсеткіштерінің динамикасын зерттеу әдістерімен таныстырды. Жауын-шашын мен құрғақшылықтың әсерінен дәнді-дақылдардың өнімділігі туралы ғылыми жұмысы аясында жүргізілген зерттеу нәтижелерін көрсетті. Дәріс өте жоғары деңгейде өтіп, студенттердің пәнді оқуға деген қызығушылығын оятуға септігін тигізді.



10.04.2023 ж. сағат 14:00-де әдістемелік апталық аясында жаратылыстану-география факультетінде оқытушы Халелова Р.А. «География» мамандығының 1 курс студенттерімен «Камчатка түбегіне экспедиция» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Халықаралық экспедиция тәжірибесі, зерттеулер, т.б. мәселелер қозғалды. Бұл дөңгелек үстел студенттерді ғылыммен айналысуға, конференцияларға және осыған ұқсас іс-шараларға белсенді қатысуға ынталандырды.



10.04.2023 жылы «Химия» және «Химия—Биология» білім беру бағдарламаларының студенттеріне «Химия» кафедрасының оқытушысы, магистр Мукашева М.М. жетекшілігімен «Тапқырлар додасы» атты химиялық турнир өтті. Химиялық турнирге 5 топ қатысты: «Сигма», «Менделеев ұрпақтары», «Электрон», «Атом» және «Молекула» топтары. Сайыс 5 кезеңнен тұрды: Құпия бейне, полиглот, сәттілік ұяшығы, кім мықты, Венгр сөзжұмбағы. Студенттер интеллектуалды ойынға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды: 1 орын – 6В01508 Химия – Биология БББ Хб-11 топ студенттері "Сигма" тобы; 2 орын – 6В05301 Химия БББ Хим-11 топ студенттері «Менделеев ұрпақтары» тобы және 3 орын – 6В01508 Химия – Биология БББ Хб-11 топ студенттері «Электрон» тобы марапатталды.



11.04.2023 жылы сағат 09:00-де “География” кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.к. Рамазанов С.К “Жалпы географиялық шолу карталары” атты ашық сабақ өткізді. Дәріс сабақта жалпы географиялық шолу карталарына түсініктеме беріліп, негізгі айырмашылықтары айтылды. Картаның масштабын өлшеу проекциясы көрсетіліп, жер бедерінің бейнелеуінде қолданылатын әдістер мен қойылатын талаптары түсіндірілді. Тақырыпты бекіту мақсатында студенттер тест тапсырмасын орындады. Дәріс сабақ жоғары деңгейде өтіп, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға өз үлесін тигізе білді. Сонымен қатар сағат 10:00де “География” кафедрасының оқытушысы,

магистр Тургумбаев А.А. 6В01512-География-Тарих ББ ГИ-21 тобына арналған ашық сабағы өтті. Тақырыбы: Батыс қазақстан облысының ерекше қорғауға алынған табиғи аумақтары. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары мен түрлері тоқталып, олардың әр қайсысына сипаттама берілді. Облыс аумағында орналасқан табиғат қорғау нысандары бойынша топ студенттері қысқаша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, баяндама жасалды.



11.04.2023 жылы сағат “География” кафедрасының оқытушысы, магистр Жармагамбетова Н.С “Биогеография топырақтану негіздері” пәнінен Гео 21 тобына “Биофилоттық патшалықтарды салыстыра отырып дүниежүзінің флорасы мен фаунасын таныстыру” тақырыбы бойынша саяхат сабағы өткізілді. Студенттер әр патшалыққа видеопрезентация жасай отырып, сол патшалықтағы фауна мен флораны таныстырды, қызықты мәліметтерді топқа таныстырды, сабақ барысында студенттер қызығушылығын арттыратын видеолар, слайдтар көрсетілді, сабақ қорытындысы ретінде топ екіге бөлініп Венн диаграммасы арқылы өздері таныстырған патшалықтардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын постерге жазып, қорғады, студенттер сұрақтарға жақсы жауап беріп, сабақ өз мақсатына жетті, саяхат сабағы өте қызық өтті!



М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану-география факультетінде 11.04.2023 жылы «Биология және экология» кафедрасының доценттері, б.ғ.к. - Утаубаева А.У. а/ш.ғ.к-Альжанова Б.С жетекшілігімен «Биология» білім беру бағдарламасының магистранттарының ұйымдастыруымен «Клеткалық биология пәнінде цифрлық технологияны пайдалану» атты шеберлік сағаты оздырылды. Шеберлік сағатында Б-11, БГ-21, Б/англ-31 студенттері арасында сайыс өткізілді. Сайыс барысында: «QR код» «Wordwall» «Виртуалды зертхана» «Joyteka» «Mentimeter» «Модельдеу» «Naraket» «ZipGrade» әдістері мен платформалары қолданылып, тәжірибе алмасу жүрді. Сайыс

нәтижесінде жүлделі I орынды БГ-21 топ, II орынды Б-11 топ, III орынды Б/англ-31 топ студенттері иеленді. Шеберлік сағаты студенттердің padlet.com сайтына берген рефлексиясымен аяқталды.



11.04.2023 жылы сағат 15:00-де Химия кафедрасының доценті, х.ғ.к. – Айтуганова С.Г. жетекшілігімен «Химия мұғалімінің педагогикалық шеберлігі және оны жетілдіру жолдары» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге: - Тәжғұлова Светлана Маратқызы - БҚО білім беру басқармасы Білім беру дамыту орталығы Мониторинг Жана Талдау бөлімінің мәселелері - (БҚО білім басқармасы Білім беруді дамыту орталығы мониторинг және талдау бөлімінің әдіскері);- Кажғалиева Салтанат Жасқайновна - Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаламының білім беру бөлімі мате БҚО)- Мурзабулатов Меңжан Тілепқалиұлы – «Өрлеу» ҰЦПК» АҚ БҚО бойынша АЖО филиалының әдіскері;- Шохина Оксана Петровна - Дария ОМ директоры, БҚО; химия кафедрасының оқытушылары, қала мен облыстың әртүрлі оқу орындарының оқытушылары, магистранттар қатысты. Орта мектептегі қазіргі заманғы химиялық білім берудің өзекті мәселелері бойынша қызу әрі қызықты пікір алмасу болды. Бұл студенттердің химия пәнінен білім сапасы, мұғалімдерді аттестациялау, мұғалімдердің ұлттық біліктілік сынағынан өтуі және химия кабинеттерінің материалдық-техникалық жарактандырылуы. Дөңгелек үстел соңында ұсыныстар қабылданды.



11.04.2023 жылы сағат 15:00-де 6В01512 География-тарих білім беру бағдарламасы, ГТ-41 топ студенттерінің "География сабағында жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақтың тиімділігін арттыру жолдары" тақырыбында, география кафедрасының аға оқытушысы Б.Х. Ходжанованың ұйымдастыруымен, топ студенттері Жалмуханбетова Ақдана, Ергалиева Айнура Габдушева Гаухардың мемлекеттік сараман барысында география пәнінен тиімді қолданған жаңа әдістер, инновациялық технологиялар жайлы пікірі тыңдалды. Семинар барысында жаңартылған білім беру

мазмұнының маңызын қарастырып, сабақтың әр бөліміне тоқтала отырып, сабақ барысында қолданылып жүрген әдіс- тәсілдерді, инновациялық технологияларды, жаңа платформаларды, кері байланыс түрлерін көрсетіп, олардың тиімділігін түсіндірді. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, сабақтағы белсенділігі артып, ойлау қабілеті шыңдалып, жан жақты дами түсетіндігін айтып өтті.



13.04.2023 ж күні сағат 9.00 Әдістемелік апталық аясында Бейорганикалық химия пәні бойынша химия кафедрасының аға оқытушысы, магистр Д.Ж. Киишеваның “Химиялық кинетика және химиялық реакцияға әсер ететін факторлар” тақырыбында ашық зертханалық сабағы жүргізілді. Ұйымдастыру сәтінен кейін зертханалық жұмысты бастамас бұрын теориялық сұрау kahoot play бағдарламасы арқылы жүргізіліп, зертханалық жұмыстың мақсатына сәйкес практикалық жұмыстар жүргізілді, реакция теңдеулері тақтаға жазылып, талданды. Білім алушылар теориялық білімдерін практика жүзінде бекітіп, зертханалық жұмыстар жоғары деңгейде орындалып, сабақ толықтай мақсатына жетті, тақырыпты бекіту мақсатында тест тапсырмасы мен карточкалар берілді.



2023 жылдың 13-14 сәуірінде М.Өтемісов атындағы БҚУ-нің «Биология және экология» кафедрасының ұйымдастыруымен В013 – білім беру бағдарламаларының тобы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадасы өтті. Олимпиада мақсаты: болашақ мамандарды одан әрі ғылыми қызметке тарту және еліміздің ғылыми әлеуетін кеңейту үшін олардың құзыреттіліктерінің қалыптасу және даму деңгейін анықтау болып табылады. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- білім алушылардың оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;
- студенттердің кәсіби және тұлғалық мүмкіндіктерін, олардың өзіндік санасын,

шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін - өзі жүзеге асыру және өзін - өзі бекіту үшін жағдай жасау;

- ең дарынды студенттерді іріктеу және қолдау.

Олимпиадаға Қазақстанның 15 университетінен 30 студент қатысты. Олимпиада құрылымы теориялық сұрақтардан және практикалық тапсырмалардан тұрды. Олимпиадаға қатысушылар биологияның негізгі бөлімдері бойынша өз білімдерін жеткілікті дәрежеде көрсете алды.

Жеке және командалық орындар төмендегідей болып анықталды.



Командалық орындар бойынша:

1 орын: М.Өтемісов атындағы БҚУ - Ғатау Айсана Қалиоллақызы; Сенбаева Ханшайым Серікқызы.

2 орын: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті - Приезжих Юлия Викторовна; Байбулатов Дархан Кайратович.

2 орын: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті - Гельдт Виктория Викторовна; Гильманова Аида Маликовна.

3 орын: Оңтүстік –Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті - Миралы Жанна Бақтиярқызы; Айтбек Талшын Ануарбеқызы.

3 орын: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті - Арсланбек Назым Мейірбекқызы; Назарбаева Газиза Шерхановна.

3 орын: Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті - Әмірова Аружан Мақсатқызы; Қожахметова Шырын Серікқызы.

Команда жетекшілеріне, белсенді қатысқан студенттерге ризашылығымызды білдіре отырып, жеңімпаздарды құттықталып, барлық жетекшілер және қатысушылар арнайы сертификатпен марапатталды.

Сәуір айының 14-ші жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінде өткен «Жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың басым бағыттары» атты әдістемелік апталықтың қорытынды жабылуы және апталық белсенділерін марапаттау шарасы өткен болатын. Шара барысында әдістемелік апталық аясында өткізілген ашық сабақтар, түрлі тақырыптардағы дөңгелек үстелдер мен оқытушылардың шеберлік сабақтары қорытындыланып, талданды. Сонымен қатар биология және экология кафедрасының профессор-оқытушыларының ұйымдастыруымен өткен В013 – Биология мұғалімдерін дайындау ББТ бойынша XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадасы да өз мәресіне жетіп, осы апталық барысында жұмыстанып, белсенділік танытқан «Биология және экология», «Химия» және «География» кафедраларының оқытушылары арнайы алғыс хатпен марапатталды. Сондай-ақ Coursera платформасында тіркелген факультетіміздің 50 студентіне «University of California», «Illinois» және «Duke» университеттерінде онлайн курстарды сәтті аяқтағаны үшін арнайы сертификаттар табысталды.